

¹Ғабитханұлы Қ.  ²Мәсімханұлы Д.  ³Әбиденқызы А. 
¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан
^{2,3}Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: ¹kayrat.g@mail.ru, ²duken.masimhan@gmail.com, ³ainurbai-67@mail.ru

ХІ ҒАСЫР ТҮРКІ КЕҢІСТІГІНІҢ ТОПОНИМДІК МОДЕЛІ: «ДИУАНИ ЛУҒАТ АТ-ТҮРК» (І ТОМ) МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада ХІ ғасырдағы көрнекті түркі ғалымы Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінің І томында келтірілген Орта Азия мен Шығыс Түркістан (қазіргі Шыңжаң) аумағына қатысты топонимдер кешені тарихи-лингвистикалық және тарихи-географиялық тұрғыдан жүйелі түрде зерттеледі. Зерттеу нысанын жер-су атауларының әртүрлі типтері – ойконимдер (қала, қоныс атаулары), гидронимдер (өзен, көл атаулары), оронимдер (тау, асу, шөл атаулары) және этносаяси топонимдер (ел, мемлекет, тайпа атаулары) құрайды. Әрбір атаудың семантикалық уәжі, морфемдік құрылымы, топонимжасамдық форманттары, тарихи деректердегі нұсқалары және қазіргі географиялық сәйкестігі тарихи-салыстырмалы, этимологиялық және ономастикалық талдау әдістері арқылы анықталады. Зерттеу барысында Қашқари еңбегіндегі топонимдердің тек географиялық нысандарды білдіріп қана қоймай, ХІ ғасырдағы түркі халықтарының қоныстану жүйесін, көші-қон бағыттарын, саяси шекараларын, шаруашылық-мәдени ерекшеліктерін және кеңістік туралы дүниетанымын бейнелейтін маңызды тарихи дерек екені көрсетіледі. Сонымен қатар «Сөздікке» тіркелген картографиялық материалдардың маңызы айқындалып, түркілік кеңістіктің ортағасырлық моделі реконструкцияланады. Қытай, араб-парсы жазба деректері және қазіргі ғылыми еңбектермен салыстыру нәтижесінде бірқатар топонимдердің тарихи сәйкестігі нақтыланып, олардың этимологиясы мен таралу аймағына қатысты жаңа тұжырымдар ұсынылады. Зерттеу нәтижелері түркітану, тарихи география, ономастика және этнолингвистика салалары үшін маңызды дереккөз болып табылады және Орта Азия мен Шыңжаң өңірінің ортағасырлық тарихи кеңістігін қалпына келтіруге үлес қосады.

Алғыс: Бұл мақала BR24993043 – «Қытай және Шығыстың басқа елдерінің дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көзқарас» атты мақсатты қаржыландыру бағдарламасының жоспары бойынша әзірленді.

Кілт сөздер: Махмұд Қашқари; «Диуани лұғат ат-түрк»; тарихи топонимия; ойконимдер; гидронимдер; оронимдер; этносаяси топонимдер; тарихи география; Орта Азия; Шығыс Түркістан (Шыңжаң); этнолингвистика; географиялық реконструкция.

Кіріспе

ХІ ғасырдағы түркі дүниесінің тілдік-мәдени кеңістігін тұтас күйінде сипаттап берген ең бірегей жазба мұралардың бірі — Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі тілдерінің сөздігі», бұдан әрі — «Сөздік») еңбегі. Бұл шығарма тек лексикографиялық анықтамалық қана емес, сол дәуірдегі түркі тайпаларының қоныстануы, этникалық құрамы, саяси-әлеуметтік қатынастары, шаруашылық-мәдени тәжірибесі және табиғи-географиялық орта туралы мол дерек беретін энциклопедиялық сипаттағы қайнаркөз болып табылады. Қашқари өзі түріктердің, түрікмендердің, оғыздардың, шігілдердің, қырғыздардың қалаларын, қыстауы мен жайлауын аралап, тілдік материал жинағанын атап өтеді. Осындай

«сапарлық-байқау» негізінде түзілген мәліметтер «Сөздіктің» геолінгвистикалық және этнотарихи құндылығын айрықша арттырады.

«Сөздіктегі» топонимдік деректерді зерттеудің маңызы, әсіресе Орта Азия және Шығыс Түркістанға(қазіргі Шыңжаң) қатысты материалдар арқылы айқын көрінеді. Біріншіден, Қашқари жер-су атауларын жалаң тізім түрінде ғана келтірмей, олардың мағынасын, орналасу бағдарын, жол-қашықтық өлшемдерін, тайпалық қоныс байланысын, кейде тарихи оқиға мен аңыз-әфсана контекстін қоса береді. Екіншіден, «Сөздікке» тіркелген дөңгелек карта Орта Азия кеңістігін бейнелейтін ең көне әрі тұтастығы сақталған картографиялық нұсқалардың бірі ретінде бағаланып, автордың географиялық танымын және кеңістік бағдарын (жоғары — шығыс, төмен — батыс, оң — оңтүстік, сол — солтүстік) жүйелі түрде көрсетеді. Үшіншіден, Сұң дәуіріндегі(宋朝) қытай жазба деректерінде Орта Азия географиясы үзік-үзік берілетіндіктен, Қашқари мәліметтері сол кезеңнің тарихи географиясындағы ақпараттық олқылықты толықтыратын балама деректік қабат қызметін атқарады.

Дегенмен бұл топонимдерді қазіргі ғылыми айналымда дәл сәйкестендіру мен қалпына келтіру бірқатар қиындықтарға тіреледі: тарихи деректердің үзіктілігі, әр дәуір мен әр тілдегі транскрипциялық ауысулар, қытайша беру жүйесінің фонетикалық шектеулері, сондай-ақ бір атаудың әр деректе әрқилы нұсқада келуі салдарынан көптеген бейқытай тіліндегі топонимдердің түпкі тұлғасын нақты реконструкциялау күрделене түседі. Сондықтан «Сөздіктегі» топонимдік материалды деректанулық сүзгімен, тарихи-салыстырмалы әдіспен және топонимжасамдық (форманттық) талдаумен зерделеу қажеттігі туындайды.

Осы зерттеудің деректік негізі ретінде ҚХР-да жарық көрген «Диуани лұғат ат-түрк» ұйғырша ғылыми басылымы алынды. Аталған басылым түрікше, өзбекше және өзге де аударма-нұсқалар жарияланғаннан кейін шыққан, солардың мәтіндік тәжірибесін, түсіндірмелік дәстүрін және салыстырмалы материалдарын пайдалана отырып дайындалған біршама ғылыми сипаттағы нұсқа болып табылады. Сондықтан бұл басылымды негізгі мәтін ретінде таңдау, бір жағынан, Қашқари мұрасының Шыңжаң аймағындағы ғылыми айналымдағы интерпретациясын көрсетуге, екінші жағынан, топонимдерді салыстыру мен нақтылауда көпнұсқалы дерекпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

«Сөздік» ғылымда ерте кезден назарға ілініп, ХХ ғасырдан бастап халықаралық деңгейде жүйелі зерттелді. 1915 жылы Ыстанбұлда алғаш жарияланғаннан кейін, ол неміс, түрік, өзбек, және басқа тілдерге аударылып, ғылыми айналымға кең енді; қытай тіліндегі аудармалары мен түсіндірмелі басылымдары кейінгі кезеңде жарық көрді. Қытай және түркітану ғылымында Қашқари картасының маңызы, мәтіндегі этнонимдер мен топонимдердің деректік сипаты туралы арнайы зерттеулердің қалыптасуы «Сөздіктің» тек тіл тарихы үшін ғана емес, тарихи география, этнотарих және мәдениеттану үшін де іргелі еңбек екенін дәлелдейді. Елімізде 1997 жылы ақын А.Егеубаевтың өзбек тіліне негізделген қазақша аудармасы жарық көрді (Егеубаев 1997:590). Қазақстандық тіл білімінде көне түркі мұралары мен тарихи топонимия мәселелері белсенді қарастырылып келе жатқанымен, «Сөздік» I томындағы Батыс өңір топонимдерін микро-деңгейдегі тарихи-лінгвистикалық талдау арқылы тұтас жүйелеу әлі де арнайы зерттеуді қажет етеді.

Осы мақалада «Сөздік» I томындағы Орта Азия және Шығыс Түркістанға қатысты топонимдер бастапқы корпус ретінде алынып, олар микро-топтарға (тау/асу, өзен/су жүйесі, қала/қоныс, мемлекет/этносаяси атаулар) жіктеледі және әрбір атауға жеке тарихи әрі лингвистикалық талдау ұсынылады. Зерттеудің негізгі мақсаты — Қашқари мәтіндегі топонимдерді қазіргі географиялық кеңістікпен сәйкестендірумен қатар, олардың семантикалық уәжін, морфемдік құрылымын, топонимдік форманттарын және мәдени-танымдық модельдерін айқындау.

Зерттеудің мақсаты — Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінің I томында кездесетін Орта Азия мен Шығыс Түркістан аумағына қатысты топонимдерді

тарихи-лингвистикалық және тарихи-географиялық тұрғыдан жүйелі түрде талдау, олардың семантикасын, құрылымын, тарихи сәйкестігін және түркі кеңістігіндегі орнын анықтау. Зерттеудің міндеттері:

— «Сөздік» I томындағы Батыс өңірге қатысты топонимдік бірліктерді жинақтау және жүйелеу;

— топонимдерді типологиялық тұрғыдан (ойконимдер, гидронимдер, оронимдер, этносаяси атаулар) жіктеу;

— атаулардың семантикалық уәжін, морфемдік құрылымын және топонимжасамдық ерекшеліктерін анықтау;

— тарихи деректер мен қазіргі география негізінде олардың орналасуын және сәйкестігін белгілеу;

— топонимдер арқылы XI ғасырдағы түркі халықтарының қоныстану жүйесін, саяси шекараларын және кеңістік туралы дүниетанымын сипаттау.

Зерттеу атериалы және әдістері

Зерттеу нысаны — Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі тілдерінің үлкен сөздігі») еңбегінің I томында кездесетін Орта Азия мен Шығыс Түркістан (қазіргі Шыңжаң) аумағына қатысты жер-су атауларының жиынтығы. Бұл атаулар XI ғасырдағы түркі дүниесінің кеңістіктік құрылымын, этникалық таралу аймақтарын және табиғи ортасын бейнелейтін бірегей топонимдік корпус болып табылады.

Нысанның шекарасы Қашқари мәтінде тікелей немесе жанама түрде көрсетілген географиялық нысандар арқылы анықталады. Оларға ойконимдер (қала, ауыл, қоныс атаулары), оронимдер (тау, асу, шөл атаулары), гидронимдер (өзен, көл, су жүйесі атаулары), сондай-ақ хоронимдер мен этносаяси топонимдер (ел, мемлекет, аймақ, тайпа атаулары) жатады. Сонымен қатар этнонимнен жасалған топонимдер, маусымдық қоныс атаулары және әкімшілік-саяси орталықтардың атаулары да зерттеу нысанының құрамына енгізілді.

Бұл топонимдер тек географиялық атаулар ретінде ғана емес, XI ғасырдағы түркі халықтарының қоныстану жүйесін, көші-қон бағыттарын, саяси шекараларын, шаруашылық-мәдени ерекшеліктерін және кеңістік туралы дүниетанымын бейнелейтін тарихи-мәдени дерек ретінде қарастырылады. Сондықтан зерттеу нысаны лингвистикалық қана емес, тарихи-географиялық және этнолингвистикалық сипатқа ие кешенді материал болып табылады.

Зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінің I томындағы топонимдік бірліктердің мәтіндік сипаттамалары, түсіндірмелері және қолжазбада берілген параллель нұсқалары пайдаланылды. Талдау барысында ҚХР-да жарық көрген ұйғыр тіліндегі ғылыми басылым негізгі мәтіндік база ретінде алынды, өйткені бұл нұсқа алдыңғы түрік, өзбек және басқа басылымдарды ескере отырып дайындалған салыстырмалы ғылыми редакция болып табылады. Қажет болған жағдайда өзбек және қазақ тіліндегі аудармалармен салыстыру жүргізілді.

Қосымша дереккөздер ретінде Қашқари картасының материалдары, ортағасырлық тарихи-географиялық еңбектер, араб-парсы және қытай жазба деректері, сондай-ақ Орта Азия мен Шыңжаң өңірінің тарихи топонимиясына қатысты заманауи ғылыми зерттеулер пайдаланылды. Бұдан бөлек, көне түркі жазба ескерткіштері, тарихи карталар, этнографиялық деректер және қазіргі географиялық атластар топонимдердің орналасуын нақтылау және сәйкестендіру мақсатында тартылды.

Материалдық база тек атаулардың тізімімен шектелмей, олардың контекстік сипаттамаларын, тарихи нұсқаларын, фонетикалық өзгерістерін және қазіргі географиялық баламаларын қамтиды. Бұл топонимдердің семантикасын, шығу тегін және тарихи эволюциясын кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында төмендегі ғылыми әдістер қолданылды:

- тарихи-салыстырмалы әдіс
- этимологиялық талдау
- географиялық реконструкция әдісі
- ономастикалық жүйелеу
- мәтіндік талдау

Топонимдер құрылымдық тұрғыдан бірнеше микро-топтарға бөлінді:

1. Ойконимдер — қала, ауыл, қоныс атаулары
2. Гидронимдер — өзен, көл атаулары
3. Оронимдер — тау, асу, шөл атаулары
4. Этносаяси топонимдер — мемлекет, тайпа, халық атаулары

Бұл жіктеу түркі топонимиялық жүйесінің кешенді сипатын ашуға мүмкіндік береді.

Талқылау

Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегін ғылыми тұрғыдан зерттеу ХІХ ғасырдың соңынан бастап қолға алынды. 1915 жылы Ыстанбұлда алғаш рет жарияланғаннан кейін бұл еңбек әлемдік түркітану ғылымының негізгі дереккөздерінің біріне айналып, көне түркі тілінің, этнографиясының, тарихи географиясының және мәдениетінің энциклопедиялық сипаттағы ескерткіші ретінде кеңінен танылды. ХХ ғасыр бойы «Сөздік» әртүрлі тілдерге аударылып, мәтіндік, лексикологиялық, тарихи және мәдени тұрғыдан жан-жақты зерттелді.

Қашқари мұрасын зерттеуде В. В. Бартольд, Г. Клаусон, С. Е. Малов, А. Н. Кононов сияқты көрнекті ғалымдардың еңбектері ерекше орын алады. В. В. Бартольд Орта Азияның тарихи географиясын жүйелі түрде зерттей отырып, түркі халықтарының қоныстану аймақтары, қалалары мен тарихи топонимдері туралы құнды деректер келтірді (1898–1900; 1965). Оның еңбектерінде ортағасырлық қалалар жүйесі, этносаяси кеңістіктің құрылымы және тарихи атаулардың эволюциясы кеңінен қарастырылған. Г. Клаусон көне түркі лексикасының этимологиясын зерттеп, топонимдер құрамындағы түбірлер мен форманттардың шығу тегін анықтауға үлкен үлес қосты (1972). С. Е. Малов көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеу арқылы тарихи тілдік деректерді ғылыми айналымға енгізсе (1951), А. Н. Кононов түркі тілдерінің тарихы мен зерттелу дәстүрін жүйелеп, Қашқари еңбегінің тілдік маңызын айқындады (1982).

Қытай түркітану ғылымында да Қашқари мұрасына ерекше назар аударылған. Гың Шимин, Чжан Гуанда және басқа да зерттеушілер «Диуани лұғат ат-түрк» мәтінін қытай деректерімен салыстыра отырып, Батыс өңірдің тарихи географиясы мен этникалық құрылымына қатысты маңызды тұжырымдар жасаған (1980). Сонымен қатар Фэн Чэнцзюнь сияқты ғалымдар Орта Азия мен Шыңжаң аумағындағы көне топонимдерді зерттеп, олардың қытай жазба деректеріндегі транскрипцияларын талдаған. Бұл зерттеулер Қашқари деректерін шығыс дереккөздерімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Қазақстандық ғылымда да көне түркі мұралары мен тарихи топонимия мәселелері соңғы онжылдықтарда белсенді зерттеліп келеді. Әсіресе Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы тарихи жер-су атауларының шығу тегі, семантикасы және этникалық негізі туралы еңбектер жарияланды. Дегенмен, «Диуани лұғат ат-түрк» І томындағы Батыс өңір топонимдерін толық қамтып, оларды тарихи-лингвистикалық, тарихи-географиялық және этносаяси тұрғыдан кешенді түрде жүйелеп талдаған арнайы зерттеулер әлі де жеткіліксіз.

Осылайша, Қашқари еңбегі түркі әлемінің ХІ ғасырдағы кеңістіктік құрылымын реконструкциялауға мүмкіндік беретін бірегей дереккөз болғанымен, онда келтірілген топонимдердің толық жүйесі, олардың семантикалық уәжі, тарихи сәйкестігі және қазіргі географиямен байланысы әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Бұл жағдай Батыс өңір топонимдерін кешенді тарихи-лингвистикалық тұрғыдан қарастырудың өзектілігін айқындайды.

I. ОРОНИМДЕР: ТАУ ЖӘНЕ АСУ АТАУЛАРЫ

Махмұд Қашқари еңбегіндегі оронимдер (тау, жота, асу атаулары) түркі халықтарының кеңістікке бағдарлану жүйесін, табиғи ортаны игеру тәжірибесін және көш жолдарының құрылымын айқын көрсетеді. Көшпелі және жартылай көшпелі қоғам үшін тау-асулар тек географиялық нысан ғана емес, саяси шекара, сауда жолы, әскери бағыт және маусымдық қоныс ауыстырудың негізгі өткелі қызметін атқарған. Сондықтан Қашқари мәтініндегі оронимдер көбіне бағыттық (жоғары/төмен, оң/сол), қолжетімділік (өткел/өткелсіз), табиғи ерекшелік (алтын кен, күн түсу, биіктік) сияқты белгілер арқылы сипатталады.

Алтун (altun) — Махмұд Қашқари еңбегінде ұйғырлардан алыс емес, маңында көптеген көшпелі түріктер мекендейтін ірі тау ретінде сипатталады (Қашқари, 1981:122). Қашқари атаудың шығу тегін «Altun Kan» — «алтын қан» туралы аңызбен байланыстырады. Бұл түсіндіру көне топонимдердің шығу тегін халықтық аңыз арқылы түсіндіру дәстүріне жатады және ғылыми этимологиядан гөрі халық санасындағы интерпретацияны көрсетеді. Мұндай аңыздық түсіндірмелер тарихи атаудың нақты пайда болу себебін емес, оның кейінгі мәдени қабылдануын бейнелейді.

Altun сөзі көне түркі тілдерінде «алтын» деген мағынаны білдіретін негізгі лексемалардың бірі болып табылады. Бұл сөз Орхон-Енисей жазбаларынан бастап барлық дерлік түркі тілдерінде тұрақты түрде сақталған: қазақ — алтын, қырғыз — алтын, татар — алтын, түрік — altın т.б. Сондықтан атау түркі тілдерінің ортақ, өте көне лексикалық қабатына жатады. Морфологиялық тұрғыдан ол зат есім күйінде еш өзгеріссіз географиялық атауға айналған сипаттамалық ороним болып табылады.

Алтун тауы қазіргі Алтай тау жүйесіне сәйкес келеді. Алтай атауының өзі де «алтын тау» деген мағынаны білдіреді (altın + tağ), яғни семантикалық жағынан Алтун атауымен толық үндеседі. Қытай деректерінде бұл өңір «金山» («Алтын тау») деп аталған, бұл атаудың халықаралық деңгейде де бірдей мағынада қолданылғанын көрсетеді. Тау қойнауындағы алтын кендерінің молдығы атаудың табиғи-ресурстық негізде пайда болғанын дәлелдейді. Демек, Алтун — минералдық байлыққа байланысты қойылған сипаттамалық топонимдердің классикалық үлгісі.

Тарихи-мәдени тұрғыдан Алтай өңірі түркі халықтарының көне қоныстарының бірі болып саналады және көптеген тайпалардың шығу тегімен байланыстырылады. Сондықтан Алтун атауы тек географиялық нысанды ғана емес, түркі дүниесінің ежелгі орталықтарының бірін білдіретін символдық мәнге де ие. Қашқари сипаттамасы бұл таудың көшпелі түріктердің өмірінде маңызды рөл атқарғанын көрсетеді.

Осылайша, Алтун (altun) — көне түркі тіліндегі «алтын» лексемасынан тікелей жасалған, табиғи байлыққа негізделген сипаттамалық ороним. Ол Алтай тауына сәйкес келетін, түркі халықтарының тарихи жадында ерекше орын алған, архаикалық және кең таралған географиялық атаулардың бірі болып табылады.

Азиз тауы (aziz) — Махмұд Қашқари еңбегінде «асу бермейтін биік тау» ретінде сипатталады (Қашқари, 1981:88). Бұл анықтамада атаудың нақты географиялық орны емес, оның басты қасиеті — өткелсіздігі мен қолжетімсіздігі ерекше атап көрсетіледі. Көшпелі және жартылай көшпелі қоғам жағдайында таулардың биіктігінен гөрі олардан өту мүмкіндігі маңызды болған. Сондықтан «асу бермейтін тау» ұғымы мұндай нысандардың табиғи тосқауыл және шекара қызметін атқарғанын білдіреді.

Атаудың өзі араб тіліндегі *'azīz* («күдіретті», «берік», «қадірлі», «жеңілмейтін») сөзімен байланысты болуы мүмкін. Ислам дәуірінде араб-парсы лексикасының түркі тілдеріне кең таралуы нәтижесінде мұндай атаулар географиялық нысандарға да берілген. Егер осы этимология дұрыс болса, «Азиз» атауы таудың асқақтығын немесе алынбас, мызғымас сипатын білдіретін бағалауыш сипаттағы ороним болып табылады. Дегенмен Қашқари сипаттамасында атаудың лексикалық мағынасына емес, оның функционалдық қасиетіне —

өткелсіздігіне басымдық беріледі. Сондықтан Азиз тауы деп, Қашқари дәуіріндегі Қашғар–Жетісу кеңістігіндегі Тәңіртау сілемінің(Тянь-Шаньның) аса биік әрі өткелсіз бөліктерінің бірі, яғни табиғи шекара қызметін атқарған тау жүйесін атаған болуы мүмкін. Атау нақты бір шынды емес, көшпелі жолдарға бөгет болатын, асуы жоқ немесе өте қиын таулы аймақты білдірген деп жорамалдауға болады. ????

Құзтағ (khuztagh) — Қашқари еңбегінде «күн сәулесі түспейтін, тек кешке қарай батыс бетіне аздап күн түсетін тау» ретінде сипатталады (Қашқари, 1981:315). Атаудың екінші компоненті *tag / tagh* — көне түркі тілдерінде «тау» деген мағынаны білдіретін кең таралған географиялық термин. Даулы мәселе — алғашқы компоненттің оқылымы мен мағынасы. Кейінгі басылымдарда ол көбіне «күз» (маусым атауы) түрінде түсіндірілгенімен, Қашқари сипаттамасы маусымдық емес, тұрақты табиғи қасиетті — күн аз түсетін, көлеңкелі, суық беткейлі тауды білдіреді. Сондықтан бұл түсіндіру семантикалық тұрғыдан әлсіз көрінеді.

Тарихи-лингвистикалық тұрғыдан атаудың бастапқы тұлғасы **Құзтағ (күз + тағ)** болуы ықтимал. Қазақ және басқа түркі тілдеріндегі *құз* сөзі «тік жар, құлама жартас, биік шың» деген мағыналарды білдіреді және көбіне күн сирек түсетін, қолжетуі қиын, тік беткейлі тау бөліктеріне қатысты қолданылады. Мұндай нысандардың көлеңкелі болуы табиғи құбылыс, сондықтан Қашқари берген сипаттама дәл осы семантикамен толық сәйкес келеді. Көшпелі ортада мұндай таулар көбіне қауіпті өткел, табиғи тосқауыл немесе бағдарлық нүкте ретінде маңызды болған.

«Құзтағ» түріндегі оқылым араб графикасының ерекшелігімен де түсіндірілуі мүмкін. Қашқари мәтіні дауысты дыбыстар толық белгіленбейтін жазумен берілгендіктен, бір консонанттық негіз әртүрлі түрде (*күз, күз, қыз* т.б.) оқылуы ықтимал. Кейінгі аудармалар мен транскрипциялар барысында бастапқы дыбысталуы өзгеріп, мағынасы көмескіленуі мүмкін.

Қашқари мәтінінің географиялық контексті (Қашғар, Баласағұн, Жетісу, Ұйғыр аймағы) негізінде ең ықтимал нұсқа — Тянь-Шань тау жүйесінің шығыс немесе орталық бөліктеріндегі биік, тік жоталардың бірі. Әсіресе Іле Алатауының, Күнгей және Теріскей Ала-Тоолардың, сондай-ақ Қырғыз Алатауы мен Көкшал-Тоо жүйесінің солтүстік беткейлері күн аз түсетін, қар ұзақ сақталатын, асуы қиын жартасты болып келумен ерекшеленеді. Сол үш үшінде Құзтағ оронимі солардың бірі болуы керек деп жорамалдаймыз.

Бұқа-Қарт (bukhaqart) — Махмұд Қашқари еңбегінде тау асуы ретінде көрсетіледі (Қашқари, 1981:184). Атаудың соңғы компоненті мәтінде *алт / арт* түрінде берілгенімен, ол көне түркі тілдеріндегі «тау асуы», «жота үстіндегі өткел» деген мағынаны білдіретін терминдік формантпен байланысты. Орта Азия мен Тянь-Шань аймағында осы негізде жасалған көптеген атаулар кездеседі: Бедел-арт, Қызыл-Арт, Торугарт, Мұзарт т.б. Бұл элемент түркі топонимиясында стратегиялық өткелдерді белгілеуге қызмет еткен тұрақты оронимжасамдық морфема болып табылады.

Дегенмен «Бұқа-Қарт» тіркесіндегі *қарт* компонентін «кәрі» мағынасындағы сөзбен байланыстырудан гөрі, оны *қырат* (жота, биік бел, үстірт тәрізді көтеріңкі жер) ұғымымен байланысты қарастыру әлдеқайда қисынды. Қашқари мәтіні араб графикасының ерекшелігімен дауысты дыбыстар толық белгіленбейтін жазумен берілгендіктен, бір консонанттық негіз әртүрлі түрде оқылуы ықтимал. Оның үстіне көне түркі жазба дәстүрінде дауыссыз дыбыстардың редукциясы мен транскрипциялық өзгерістер нәтижесінде *қырат* → *қырат* → *қрат* → *қарт* тәрізді ықшамдалған тұлғалар пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда атау бастапқыда **Бұқа қыраты** немесе **Бұқа жотасы** деген мағынаны білдірген болуы ықтимал. Ал асу атауы сол қыраттың үстімен өтетін жолға қатысты қалыптасқан.

Атаудың алғашқы бөлігі — *бұқа* — түркі тілдерінде тек жануар атауы ғана емес, күш, қуат, ірілік және мызғымас тұрақтылық символы ретінде кең қолданылған. Географиялық атауларда ол көбіне тау жотасының көлемін, массивтілігін немесе пішінін бейнелеу үшін

беріледі. Сондықтан Бұқа-Қарт атауы «бұқа тұлғалы, ірі, биік жота» немесе «бұқа мүйізіндей көтерілген қырат» деген бейнелі сипаттаманы білдіруі мүмкін.

Тарихи-географиялық тұрғыдан асулар көшпелі қоғам үшін ерекше маңызды нысандар болған: олар маусымдық көші-қон бағыттарын, сауда жолдарын және әскери қозғалысты айқындаған. Көп жағдайда асу атауы сол өткел орналасқан жотаның немесе тау бөлігінің атауынан туындайды. Осы тұрғыдан алғанда, Бұқа-Қарт атауы алдымен жер бедерінің ерекшелігін білдіретін ороним (қырат атауы) болып, кейін сол жердегі асуға қатысты қолданылған болуы ықтимал.

II. ГИДРОНИМДЕР: ӨЗЕН ЖӘНЕ СУ ЖҮЙЕСІ АТАУЛАРЫ

Қашқари еңбегіндегі і гидронимдер ерекше мол және жүйелі. Түркі қоғамының қоныстануы өзен аңғарларымен тығыз байланысты болғандықтан, өзендер:

- этникалық қоныстардың шекарасы
- сауда жолдарының бағыты
- егіншілік пен мал шаруашылығының негізі
- саяси-әскери тосқауыл

ретінде маңызды рөл атқарған.

Ила (Іле) — Махмұд Қашқари еңбегінде жағалауында яғма, тухси және чүмүл тайпалары қоныстанған ірі өзен ретінде сипатталады (Қашқари, 1981:124). Бұл атау қазіргі Іле өзеніне сәйкес келеді. Қытай жазба деректерінде ол Иле, Или, И-ли, Диди өзені сияқты әртүрлі транскрипциялық нұсқалармен берілген. Кейбір ерте деректерде өзеннің Балқаш көліне емес, басқа көлге құятыны туралы қате мәліметтер де кездеседі, бұл аймақ географиясының сыртқы бақылаушыларға толық таныс болмағанын көрсетеді.

Іле гидронимі, ең ықтимал, көне түркі *il / el* («ел», «жер», «қоныс») түбірімен байланысты немесе сол негізден қалыптасқан архаикалық өзен атауы болып табылады. Ол Жетісу өңіріндегі этникалық және шаруашылық өмірдің басты тірегі болған су жүйесін білдірген. Сонымен қатар бұл атау көне дәуірден бері үздіксіз қолданылып келе жатқан, түркі әлеміндегі ірі өзендерге тән архаикалық гидронимдер қатарына жатады.

Тарихи-географиялық тұрғыдан Іле өзені Жетісу өңірінің негізгі су артериясы болған. Ол көшпелі және жартылай көшпелі тайпалардың қоныстану аймақтарын айқындап, мал шаруашылығы мен егіншілікке қолайлы табиғи орта қалыптастырған. Қашқари атап өткен тайпалардың осы өзен бойында орналасуы Іле аңғарының этникалық және экономикалық тұрғыдан аса маңызды аймақ болғанын дәлелдейді. Ірі өзендер түркі дүниесінде тек гидрографиялық нысан ғана емес, территориялық шекара, сауда жолы және мәдени байланыс кеңістігі қызметін атқарған.

Қызыл (khizil / qizil) — Махмұд Қашқари еңбегінде Қашғар өңірі арқылы өтетін өзен атауы ретінде көрсетіледі (Қашқари, 1981:512). Бұл атау қазіргі Қызылсу өзенімен сәйкестендіріледі. *Qizil* — көне түркі тілдерінде «қызыл» деген мағынаны білдіретін негізгі түстік сын есімдердің бірі. Орхон-Енисей жазбаларынан бастап барлық дерлік түркі тілдерінде тұрақты сақталған бұл сөз табиғи нысандардың түсіне қарай қойылған атауларда өте жиі кездеседі.

Гидронимдік тұрғыдан мұндай атаулар көбіне өзен суының лайлы-қоңыр немесе қызғылт реңіне, құрамындағы минералдарға, балшықтың түсіне немесе жағалау топырағының қызыл түсті болуына байланысты беріледі. Таулы аймақтарда темірге бай жыныстар шайылып, суға қызғылт рең беруі — жиі кездесетін табиғи құбылыс. Сондықтан Қызыл атауы өзеннің нақты физикалық ерекшелігін көрсететін сипаттамалық гидроним болып табылады. Кей жағдайда атау судың емес, өзен аңғарының, жартастың немесе топырақ қабатының түсіне қатысты қойылуы мүмкін.

Түркі топонимиясында түске негізделген атаулар өте өнімді және көне қабатқа жатады. Қарасу, Ақсу, Сарысу, Көксу сияқты гидронимдер кең таралған және көбіне бағыттық, сапалық немесе табиғи ерекшеліктерді білдіреді. «Қызыл» компоненті де осы жүйенің бір

бөлігі ретінде табиғи ортаны танудың дәстүрлі тәсілін көрсетеді. Мұндай атаулар халықтың географиялық нысандарды көзбен қабылданатын белгілер арқылы жіктегенін айғақтайды.

Осылайша, Қызыл — өзен суының немесе жағалау ортасының түсіне байланысты қойылған, семантикасы айқын, сипаттамалық гидроним. Ол түркі халықтарының табиғи нысандарды атауда визуалды белгілерге сүйенген дәстүрін көрсетеді және Қашғар өңірінің географиялық ерекшеліктерін бейнелейтін көне топонимдік қабаттың құрамына жатады.

Тарим (tarim) — өзен жүйесі

Көлге немесе шөлге құятын өзен тармақтары (Қашқари, 1981:514:175). Бұл тек бір өзен емес, бүкіл су жүйесінің атауы ретінде берілген. Тарым сөзін — «ноқтасы бос жылқы», «егінге қолайлы жер», көне «Тәңір» сөзімен байланысты әр кім әр нұсқада түсіндіреді. Дегенмен, Тарим атауын түркі тілдеріндегі «тарам» («тармақталған су», «бөлінген арналар жүйесі») сөзімен байланыстыру географиялық және лингвистикалық тұрғыдан ең қисынды түсіндірме болып табылады. Тарым алабы көптеген тармақтарға бөлініп, шөл ішінде жоғалатын күрделі су жүйесі болғандықтан, бұл атау өзеннің морфологиялық құрылымын дәл бейнелейді. Қашқари берген сипаттама да Таримнің бір арналы өзен емес, тармақталған су жүйесі екенін көрсетеді. Сондықтан Тарим гидронимі «тарамданған, көп тармақты өзендер жүйесі» деген бастапқы мағынаны білдірген болуы ықтимал.

Етіл (etil) — Махмұд Қашқари еңбегінде Қыпшақ елінің басты өзені, Каспий теңізіне құятын ірі су арнасы ретінде сипатталады (Қашқари, 1981:100). Бұл атау қазіргі Еділ (Волга) өзеніне сәйкес келеді және ортағасырлық түркі деректерінде ең тұрақты әрі кең таралған гидронимдердің бірі болып табылады. Түрлі тілдер мен жазба дәстүрлерінде ол Etil, Itil, Atil, İdel, Atāl сияқты тұлғаларда кездеседі. Араб-парсы авторлары да осы нұсқаларды қолданған, ал қазіргі татар мен башқұрт тілдерінде Ідел түрінде сақталған. Чуваш тіліндегі Atāl сөзі «өзен» деген жалпы мағына береді, бұл атаудың бастапқыда жалқы есім емес, ірі су нысандарын білдіретін көне географиялық термин болғанын көрсетеді. Чуваш тілі бұлғар тілінің жалғасы саналатындықтан, бұл дерек Етіл атауының бұлғар-түркілік архаикалық қабатқа жататынын дәлелдейді.

Этимологиялық тұрғыдан Етіл атауы прототүркілік *etil / itil формасынан туындап, «үлкен өзен», «ағын су» деген жалпылама мағына білдірген деп есептеледі. Кейбір зерттеушілер оны етістік негіздермен (мысалы, «ағу», «жылжу») байланыстыруға тырысқанымен, бұл нұсқалар чуваш деректерімен салыстырғанда сенімділігі төмен. Сондықтан Етіл — бастапқыда терминдік мәнге ие болып, кейін нақты географиялық объектінің атауына айналған көне гидронимдер қатарына жатады.

Тарихи тұрғыдан Етіл өзені Еуразия даласындағы аса маңызды табиғи және өркениеттік артерия болған. Ол Бұлғар мемлекетінің экономикалық негізін, Хазар қағанатының саяси кеңістігін және Қыпшақ даласының батыс бөлігін айқындаған басты су жүйесі ретінде белгілі. Сауда жолдары, қоныстану аймақтары және әскери-саяси байланыстар осы өзен бойымен шоғырланған. Сондықтан «Етіл» атауы тек гидроним ғана емес, белгілі бір тарихи-географиялық аймақтың символына айналып, Етіл бойы, Етіл елі сияқты этнотерриториялық ұғымдардың қалыптасуына негіз болған.

Өзүк (özük) — Махмұд Қашқари еңбегінде «қазылып пайда болған көл немесе өзен тармағы» ретінде түсіндіріледі (Қашқари, 1981:97). Бұл анықтама атаудың табиғи емес, антропогендік немесе гидрографиялық өзгеріс нәтижесінде қалыптасқан су нысанын білдіретінін көрсетеді. Яғни өзеннің негізгі арнасынан бөлініп шыққан тармақ, ескі арна, қолдан қазылған канал немесе су толған ойыс жер болуы мүмкін. Мұндай нысандар көбіне суару жүйелерімен, жайылымдарды суландырумен немесе өзеннің табиғи арна ауысуымен байланысты қалыптасады.

Лингвистикалық тұрғыдан *özük* сөзі көне түркі тіліндегі *öz* («өзек», «орталық», «ішкі арна», «негізгі бағыт») түбірімен байланысты. Осы түбірден қазіргі қазақ тіліндегі өзек, өзен сөздері тараған. -үк (-ük) жұрнағы кішірейткіш немесе заттық мән беретін өнімді қосымша

болып, «кіші арна», «тармақ», «өзектен шыққан бөлік» деген мағынаны қалыптастырады. Демек, *özük* — «өзектен тараған су», «жанама арна», «тармақ» деген семантиканы білдіреді. Бұл құрылым түркі тілдеріндегі сөзжасам үлгісіне толық сәйкес келеді.

Қазіргі түркі топонимиясында бұл атау сақталған: Қараөзек, Көкөзек, Сарыөзек сияқты атаулар өзеннің тармағын, құрғаған арнасын немесе су жиналатын сайды білдіреді. Әсіресе Арал маңы мен Сырдария алабында мұндай гидронимдер жиі кездеседі. Бұл олардың көне дәуірден бері қолданылып келе жатқан термин екенін көрсетеді.

Ертіс (rtix) — Махмұд Қашқари еңбегінде Ямақ (қимақ) даласын кесіп өтетін, көптеген салалардан құралған ірі өзен ретінде сипатталады (Қашқари, 1981:234). Қашқари атауды *rtixmak* — «жарыса жүзу», «қатар ағып, жарыса қозғалу» деген етістікпен байланыстырады. Кейбір зерттеушілер атауды көне түркі тіліндегі:

- *er* — «ер», «батыр», «күшті»
- *irt / ert* — «жылдам», «алға ұмтылу»
- *-iř* — зат есім жасайтын жұрнақ

тәрізді элементтермен байланыстырады. Бұл жағдайда Ертіс «күшті, тегеурінді ағыс», «қарқынды өзен» деген мағына беруі мүмкін.

Лингвистикалық тұрғыдан Ертіс атауының шығу тегі туралы пікірлер біркелкі емес. Кейбір зерттеушілер оны түркі тілдері негізінде түсіндіруге тырысса, басқалары атаудың көне субстраттық, яғни түркіге дейінгі тіл қабатынан шыққан болуы мүмкін екенін айтады. Өйткені Сібір мен Алтай өңіріндегі ірі гидронимдер көбіне өте көне дәуірлерден сақталып, кейінгі тілдерге өзгеріссіз немесе аз өзгеріспен өткен. Сондықтан Ертіс атауы — ішкі түркілік түсіндіру мен сыртқы, архаикалық субстраттық этимология арасындағы қайшылықты көрсететін күрделі гидронимдердің бірі.

Дегенменде Қашқари берген сипаттама өзеннің географиялық болмысына дәл келеді: Ертіс шынында да көптеген салалардан құралып, кең даланы кесіп өтетін ірі су артериясы болып табылады. Демек, атаудың нақты шығу тегі анықталмағанымен, оның көне дәуірден бері сақталған, түркі әлемінің солтүстік-шығыс кеңістігін бейнелейтін маңызды гидроним екені күмәнсіз.

III. ОЙКОНИМДЕР: ҚАЛА, АУЫЛ ЖӘНЕ ҚОНЫС АТАУЛАРЫ

Қашқари еңбегіндегі ойконимдер XI ғасырдағы түркі дүниесінің қоныстану құрылымын, урбанизация деңгейін және көшпелі-отырықшы өзара ықпалдастықты айқын көрсетеді. Бұл атаулардың құрамында қала мағынасын білдіретін **-көнд / -кент / -балық**, билік орталығын білдіретін **орду**, маусымдық қонысты білдіретін **қышлағ**, сондай-ақ этникалық, шаруашылық немесе географиялық сипаттағы компоненттер жиі кездеседі. Мұндай форманттар тек атау емес, ортағасырлық түркі қоғамының әлеуметтік-кеңістіктік ұйымдасу моделін бейнелейді.

Алуш (alux)

Қашғардағы ауыл атауы (Қашқари, 1981:84). Ол Махмұд Қашқаридің туған жері Упаларға жақын орналасқан. Атау құрамындағы *-их* финалі көне түркі және ұйғыр тілдеріндегі жер атауларында жиі кездесетін фонетикалық бейімделген қосымша болуы мүмкін. Түбірдің нақты мағынасы мәтінде ашылмағанымен, ол жергілікті диалектілік немесе тайпалық атаудан туындауы ықтимал. Қашқари жеке өмірімен байланысты ауылдарды атап көрсету арқылы деректің нақтылығын арттырады. Бұл атау Қашғар маңында тұрақты ауылдық қоныстар желісі болғанын көрсетеді.

Арғу (arghu) — Махмұд Қашқари еңбегінде Талас пен Баласағұн арасындағы екі таудың ортасында орналасқан қала ретінде сипатталады (Қашқари, 1981:172). Атаудың семантикасы оның географиялық орналасуын тікелей бейнелейді: *arghu* — «тауаралық», «екі тау арасындағы», «аралық өңір» деген мағынаны білдіреді. Бұл атау жер бедеріне негізделген сипаттамалық ойконимдердің айқын үлгісі болып табылады. Лингвистикалық тұрғыдан *arghu* сөзі көне түркі тіліндегі *ara* («аралық», «ара») түбірімен байланысты. Осы түбірден

қазіргі қазақ тіліндегі ара, аралық, арасындағы сияқты сөздер тараған. -ғу (-ghu) элементі заттық немесе мекендік мән беретін көне қосымша ретінде түсіндіріледі. Демек, Арғу — «аралық жер», «екі нысанның арасындағы өңір» деген бастапқы мағынаны білдірген болуы ықтимал. Тарихи деректерде Арғу атауы тек географиялық нысан ғана емес, белгілі бір тайпалық бірлестіктің аты ретінде де кездеседі. Жетісу мен Шу–Талас өңірінде өмір сүрген арғу тайпасы туралы мәліметтер бар. Көшпелі қоғамда тайпа атауы мен жер атауының өзара алмасуы жиі кездесетін құбылыс: тайпа белгілі бір аумақты мекендесе, сол аумақ тайпа атымен аталады немесе керісінше. Сондықтан Арғу атауы бастапқыда географиялық сипаттамадан туып, кейін этнонимге айналған немесе керісінше болуы мүмкін. Географиялық тұрғыдан тауаралық аймақтар сауда жолдары, көші-қон бағыттары және әкімшілік бақылау үшін қолайлы болған. Мұндай қалалар көбіне өткелдерді бақылау пункті, сауда торабы немесе аймақтық орталық қызметін атқарған. Қашқари сипаттамасы да Арғудың стратегиялық орналасуын аңғартады. Осылайша, Арғу — екі тау жотасының арасындағы өңірді білдіретін, жер бедеріне негізделген атау, кейін этносаяси мәнге де ие болған көне топоним. Ол түркі халықтарының кеңістікті сипаттамалық белгілер арқылы атау дәстүрін және тайпа мен территория арасындағы тығыз байланысты көрсететін маңызды тарихи атаулардың қатарына жатады.

Алғук (alghukh) — Қашғардағы ауыл (Қашқари, 1981:136). Атау құрамындағы *-ghukh* элементі жергілікті фонетикалық нұсқа болуы мүмкін. Мұндай атаулар көбіне рулық немесе жер бедеріне байланысты қалыптасады. Қашғар айналасында ұсақ қоныстар жүйесінің бар екенін дәлелдейді.

Азых (azkh) — «Біздің туған жеріміздің атауы» (Қашқари, 1981:86). Автор бұл сөзді «аю» мағынасымен байланыстырады. Бұл зоонимдік негіздегі топоним. Қашқари осы ауылда қайтыс болып жерленген. Жануар атауына байланысты жер атаулары көшпелі мәдениетте кең таралған. **Бүгүр (bügür)** — Куча мен Ұйғыр мемлекеті арасындағы тау үстіндегі бекініс (Қашқари, 1981:468). Көне ұйғыр тілінде «бүйрек» деген мағына болуы мүмкін. Мұндай атау таудың пішініне байланысты қойылған болуы ықтимал.

Баласағұн (balasaghun) — Махмұд Қашқари Баласағұн қаласын «Күз Орду» деп атайды (Қашқари, 1981:168). Bala—бала, *sagun/ sanggun* — қолбасы, генарал(қытай тілінде), *ordu* — орда, сарай; *sagun/ sanggun/ jiangjun* — қытай тілінде қолбасшы атағы. Қарахан мемлекетінің орталығы, кейін Батыс Ляо астанасы(Батыс Қара қытай). Қала атауының шығуы Баласағұн ордасы — Бала қолбасының ордасы деген мағынамен байланысты қалыптасқан . Бұл қала түркі мемлекеттік дәстүріндегі негізгі астаналардың бірі. Кейінгі зерттеулерде бұл атаудың оқылымы мен мағынасы жөнінде әртүрлі пікір бар. Кейбір ғалымдар оны «күзгі орда» (маусымдық резиденция) деп түсіндірсе, басқа бір көзқарас бойынша бастапқы тұлғасы «**Күз Орда**» болуы мүмкін. Бұл жағдайда күз сөзі «биік», «асқақ», «күз-жартас», сондай-ақ метафоралық тұрғыдан «қасиетті», «құтты», «қорғанды биік орын» деген мәнде түсіндіріледі. Сондықтан «Күз Орда» — «биік орда», «бекіністі орда», «киелі немесе мәртебелі орда» деген мағынаны білдіруі ықтимал.

Араб графикасында дауысты дыбыстардың толық белгіленбеуі салдарынан күз / куз сияқты формалардың шатасуы табиғи құбылыс. Қашқари мәтініндегі таңбалану да осындай екіұшты оқылымға мүмкіндік береді. Егер атау «күз орда» болса, ол ханның күзгі тұрағын білдіреді; ал «күз орда» нұсқасы қаланың биік, қорғанды немесе қасиетті саяси орталық болғанын көрсетеді. Баласағұнның Қарахан мемлекетінің негізгі астаналарының бірі болғанын ескерсек, екінші түсіндіру де тарихи тұрғыдан қисынды.

Сонымен қатар түркі саяси дәстүрінде орда сөзі тек «сарай» емес, бүкіл мемлекеттік билік орталығын білдірген. Сондықтан «Күз Орда» атауы билеуші әулеттің негізгі ордасын, яғни мәртебелі әрі қорғалған астананы сипаттауы мүмкін. Кейін қала Батыс Ляо мемлекетінің де астанасы болғаны оның стратегиялық және символдық маңызын арттыра түседі.

Қорытындылай келгенде, «Күз Орду» атауының «Күз Орда» түрінде оқылуы ғылыми тұрғыдан мүмкін және ол «биік», «қорғанды», «қасиетті немесе мәртебелі орда» деген мағынаны білдіруі ықтимал. Дегенмен екі нұсқа да — маусымдық резиденцияны білдіретін «күз орда» және саяси мәртебені білдіретін «күз орда» — мәтіндік және тарихи контекст тұрғысынан қарастырылуы тиіс.

Барчук (barqukh) — Махмұд Қашқари еңбегінде Барчук Афрасиаб салдырған қала ретінде сипатталады (Қашқари, 1981:608) [12]. Афрасиаб — түркі-иран дәстүрінде белгілі аңыздық-тарихи тұлға (көбіне Тұран билеушісі ретінде танылады), сондықтан мұндай түсіндірме қала атауына тарихи-мифологиялық мән жүктейтін дәстүрлі интерпретацияның үлгісі болуы мүмкін. Қазіргі зерттеулер бұл атауды Шыңжаңдағы Бачу (Bachu) қаласымен сәйкестендіреді. Лингвистикалық тұрғыдан *barqukh* атауының түбірі түркі тілдеріндегі *bar / bār* компонентімен байланысты болуы ықтимал. Бұл түбір кейде «бар», «мол», «жеткілікті» деген мағыналарды білдіреді. Ал екінші компонент — *-чуқ / -чүк / -чүк* — көне түркі тілдерінде орын, жер немесе кішірейткіш мән беретін қосымша ретінде кездеседі. Осы негізде Барчук атауы «молы бар жер», «шөбі мен суы жеткілікті орын» деген семантиканы білдіруі мүмкін. Қашқари келтірген «шөбі мен суы мол жер» деген түсіндіру осы табиғи-экологиялық уәжді растайды. Тарихи-географиялық тұрғыдан мұндай атаулар көбіне егіншілік пен мал шаруашылығына қолайлы, су көздері мол оазистік аймақтарға тән. Тарым ойпаты мен Қашғар өңіріндегі қалалардың басым бөлігі дәл осындай өзен аңғарларында орналасқан. Сондықтан Барчук — табиғи ресурстарға негізделген, шаруашылық тұрғыдан қолайлы ортаны білдіретін сипаттамалық ойконимдердің қатарына жатады.

Канжак-Сеңір — Махмұд Қашқари еңбегінде Талас маңындағы қала, Қыпшақ шекарасындағы қоныс ретінде көрсетіледі (Қашқари, 1981:626). Атаудың бірінші бөлігі — *Канжак* — түркі тайпасының этнонимі. Қашқари бұл тайпаны арындармен (арын / арғын тәрізді атаулармен) қатар атайды, бұл оның қыпшақ бірлестігі құрамындағы ру-тайпалардың бірі болғанын аңғартады. Демек, атаудың этникалық негізі бар және ол белгілі бір тайпаның қоныс аймағын білдіреді. Мұндай үлгі түркі топонимиясында кең таралған: тайпа атауы мекендеген жердің атына айналады. Екінші компонент — *Сеңір / Сеңгір / Сеңірек* — көне түркі тілдерінде «тау жотасы», «қырқасы», «биік жон», «табиғи шеп» деген мағыналарды білдіретін географиялық термин. Бұл сөз қазіргі қазақ тілінде де сақталған: *сеңір* — тау қыры, асу маңындағы биік жота, шекаралық жон. Мұндай жоталар көбіне табиғи қорғаныс сызығы немесе аймақаралық шекара қызметін атқарған.

Осылайша, *Канжак-Сеңір* атауы «Канжак тайпасының жотасы», «Канжак елі қоныстанған шекаралық жон» деген мағынаны білдіреді. Қашқари дерегіндегі «Қыпшақ шекарасы» деген сипаттама да бұл түсіндіруді қуаттайды. Демек, бұл атау этноним мен орографиялық терминнің бірігуінен жасалған этносаяси ороним-ойконим болып табылады және XI ғасырдағы түркі тайпаларының аумақтық орналасуын, шекаралық құрылымын бейнелейтін маңызды тарихи топонимдердің қатарына жатады.

Кенд (knd) — Махмұд Қашқари деректерінде *kend / kent / kand* сөзі оғыз тілінде «ауыл» мағынасын білдірсе, басқа түркі тілдерінде «қала», «елді мекен» ұғымында қолданылғаны көрсетіледі (Қашқари, 1981: 448–449). Бұл айырмашылық түркі тілдеріндегі қоныс иістерінің атаулары семантикалық тұрғыдан өзгеріп отыратынын аңғартады: бір тілде ауылды білдірген сөз басқа тілде ірі қала атауына айналуы мүмкін. Тарихи-лингвистикалық тұрғыдан бұл элемент Орта Азия топонимиясында өте өнімді формант болып табылады. Көптеген көне және ортағасырлық қала атаулары осы компонент арқылы жасалған: Өзкенд, Самарқанд, Ташкент, Янгикент т.б. Бұл атаулардың барлығы «қала», «бекіністі қоныс», «орталық елді мекен» деген мағынаны білдіреді. Этимологиясы жөнінде зерттеушілер бұл форманттың иран тілдерінен (әсіресе соғды немесе парсы *kand / kent* — «қала», «қоныс») түркі тілдеріне ерте кезеңде енгенін айтады. Кейін ол түркі тілдерінде толық игеріліп, дербес топонимжасамдық элементке айналған. Сондықтан бұл компонент түркі және иран

халықтарының ұзақ тарихи-мәдени байланысының тілдік айғағы болып саналады. Осы тұрғыдан *-кент / -көнд* форманты **қала атаулары жүйесіне ортақ элемент**, яғни түркі-ирандық қалалық топонимдерге тән ортақ құрылымдық белгі болып табылады. Басқаша айтқанда, бұл — қала атауларын жасауға қатысатын әмбебап топонимдік формант.

Кусан (Kusn) — Ұйғыр шекарасындағы қала (Қашқари, 1981:526). *Kuqa + gi* → *Kuqar* — «Куча қаласы». Ежелгі Куча мемлекетінің орталығы.

Кашмир (kmir) — Түрік елінің шалғай қаласы (Қашқари, 1981:597). Сүлеймен пайғамбар салдырған. «Кашьяпа мекені» деген түсіндіру бар.

Карнак (kharnakh) — Махмұд Қашқари еңбегінде оғыздарға тиесілі қала ретінде көрсетіледі (Қашқари, 1981:618). Бұл дерек XI ғасырда Сырдария–Арал маңы немесе Жетісу аймағында оғыз тайпаларының қалалық орталықтары болғанын көрсетеді. Карнак атауы қазіргі Түркістан өңіріндегі Қарнак (Қарнак / Karnak) қалашығымен сәйкестендіріледі, ол тарихи деректерде де белгілі ортағасырлық қоныс ретінде аталады. Лингвистикалық тұрғыдан атаудың құрылымы екі компоненттен тұруы мүмкін: *qar / khar* және *-nak*. Алғашқы бөлік кейбір түркі тілдерінде «қара», «қатты», «тасты» немесе жер бедеріне қатысты сипаттамалық мән бере алады, ал *-nak* — жер атауларында кездесетін көне формант болуы ықтимал. Сонымен қатар атау рулық немесе этникалық атаудан шыққан болуы да мүмкін, өйткені оғыз қалалары көбіне белгілі бір тайпаның немесе рудың орталығы ретінде қалыптасқан. Тарихи-географиялық тұрғыдан Карнак — көшпелі және отырықшы мәдениеттер түйіскен аймақта орналасқан, сауда жолдары мен қоныстану жүйесінде маңызды орын алған қала болуы ықтимал. Оғыз дәуірінде мұндай қалалар әскери тірек пункті, әкімшілік орталық немесе сауда бекеті қызметін атқарған. Осылайша, Карнак — оғыз тайпаларына тиесілі, шығу тегі рулық атаумен немесе жергілікті географиялық ерекшелікпен байланысты болуы мүмкін көне қала атауы. Ол XI ғасырдағы оғыздардың отырықшы мәдениет элементтері мен қалалық өмірінің болғанын көрсететін маңызды тарихи ойконимдердің қатарына жатады.

Капуш (kapux) — Махмұд Қашқари еңбегінде Арғу мемлекетіне тиесілі жер атауы ретінде көрсетіледі (Қашқари, 1981:478). Бұл атау белгілі бір қала емес, белгілі бір тайпалық-саяси бірлестіктің аумағын білдіретін хороним, яғни аймақ атауы болып табылады. Арғу тайпалары Жетісу мен Шу–Талас өңірінде өмір сүргені ортағасырлық деректерден белгілі, сондықтан Капуш сол этносаяси кеңістіктің құрамындағы жердің немесе қоныс аймағының атауы болған деп есептеледі. Лингвистикалық тұрғыдан атаудың этимологиясы толық анықталмаған. *kap-* түбірі түркі тілдерінде «қап», «қоршау», «қамту» сияқты мағыналармен байланысты болуы мүмкін, ал *-иш / -их* форманты көне түркі топонимдерінде жиі кездесетін фонетикалық бейімделген қосымша ретінде қарастырылады. Сонымен бірге атау рулық немесе жергілікті этникалық топтың атымен байланысты болуы ықтимал. Мұндай атаулар көшпелі қоғамдарда кең таралған, өйткені белгілі бір тайпаның мекендеген аумағы сол тайпаның немесе жергілікті ерекшеліктің атымен аталған. Тарихи-географиялық тұрғыдан Капуш — Арғу мемлекетінің аумақтық құрылымын көрсететін маңызды атаулардың бірі. Ол белгілі бір этносаяси бірлестіктің жерін, қоныс аймағын немесе әкімшілік бөлігін білдіруі мүмкін. Қашқари мәтінінде мұндай атаулардың берілуі XI ғасырдағы түркі әлемінде мемлекет пен тайпа шекаралары географиялық нысандар арқылы анықталғанын көрсетеді. Осылайша, Капуш — Арғу тайпалары мекендеген аймаққа қатысты хоронимдік атау, оның шығу тегі нақты анықталмағанымен, этносаяси мазмұны басым көне топонимдердің қатарына жатады. Ол түркі халықтарының аумақтық ұйымдасуын және тайпалық мемлекеттердің кеңістіктік құрылымын бейнелейтін маңызды тарихи дерек болып табылады.

Қыпшақ (khfqakh) — Махмұд Қашқари еңбегінде Қыпшақ атауы Қашғар маңындағы жер атауы ретінде беріледі, нақтырақ айтқанда Атуш өңірі төңірегіндегі ауыл немесе қоныс ретінде сипатталады (Қашқари, 1981:620). Бұл атау сол аймақта қыпшақ тайпасының немесе олардың бір бөлігінің қоныстанғанын көрсететін этнотопоним болып табылады.

Түркі топонимиясында тайпа атауларының белгілі бір жерге берілуі кең таралған құбылыс, өйткені көшпелі қоғамда этникалық топ пен территория арасындағы байланыс өте тығыз болған. Тарихи тұрғыдан қыпшақтар XI ғасырда Еуразия даласының негізгі халқының бірі болып, Дешті Қыпшақ кеңістігін мекендеген. Алайда Қашқари дерегіндегі бұл атаудың Қашғар маңында кездесуі қыпшақтардың тек батыс далада ғана емес, Жетісу мен Шығыс Түркістан аймақтарына дейін таралғанын дәлелдейді. Бұл жағдай түркі тайпаларының кең ауқымды көші-қонын, әскери-саяси ықпалын және этникалық араласуын көрсетеді. Лингвистикалық тұрғыдан «Қыпшақ» этнонимінің шығу тегі туралы әртүрлі пікір бар: кейбір зерттеушілер оны «сары», «сарғыш», «ку дала адамы» сияқты мағыналармен байланыстырады, ал басқалары оны ежелгі тайпалық атау ретінде қарастырады. Қалай болғанда да, атаудың жер атауына айналуы — этнонимнен ойконим немесе хороним жасау дәстүрінің айқын мысалы. Қорытындылай айтқанда, Қыпшақ атауы Қашғар маңындағы этникалық қонысты білдіретін, тайпа атауынан туындаған топоним. Ол қыпшақтардың географиялық таралу аймағының кеңдігін, түркі әлеміндегі этникалық байланыстардың күрделілігін және ортағасырлық кеңістіктің «тайпа — территория» қағидасы бойынша ұйымдасқанын көрсететін маңызды тарихи дерек болып табылады.

